

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 153 – 157

UDK: 17.82.94

**A.B. Zholmakhanova**

of the Korkyt ata Kyzylorda State University

[erke\\_zh@mail.ru](mailto:erke_zh@mail.ru)**THE GENRE VARIETY OF MEMOIRS****Abstract:** This article deals with the problem of genre variety of memoirs.

The author of the article, drawing on the points of view of Russian and Kazakh scholars of literature, makes his conclusion on the issue under consideration in the article. The article reveals the distinctive features of artistic memoirs and memories based on concrete examples.

Art memoirs and biographical sketches are analyzed in terms of their literary and journalistic features.

Examples are taken from the works of prominent representatives of Kazakh literature and memories of emigrants. One of the first works of the memorial genre in Kazakh literature is the works of S. Seifullin, S. Mukanov and memoirs of prominent public figure, representative of the movement Alash M. Shokay. The author considers the historical, artistic and stylistic features and significance of the works of the authors.

In the article it is proposed to differentiate artistic memoirs and memories from the point of view of their genre singularity.

**Key words:** memoirs, prose, memoirs, diary, fiction, genre, literary criticism, emigrant, memoirs.

УДК: 17.82.94

**А.Б.Жолмаханова**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Phd докторанты, Қазақстан

**МЕМУАРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ КӨПҚЫРЛЫЛЫҒЫ****Аннотация:** Мақалада мемуардың жанрлық көпқырлылығы туралы сөз болады. Мемуар жанрының ерекшеліктері орыс және қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының пікірлерін негізге ала отырып, автор өзіндік түйін жасайды. Көркем мемуар мен қарапайым естелік жазбалардың ерекшеліктері жекелеген мысалдар арқылы дәлелденеді.

Көркем мемуар мен өмірбаяндық очерктің әдеби және публицистикалық сипаты көркемдік тұрғыдан талдану арқылы зерделенеді.

Мысалдар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен эмигрант естеліктерінен алынған. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы мемуарлық шығармаларға жататын С.Сейфуллинның, С.Мұқановтың еңбектері мен алаш қайраткері, эмигрант М.Шоқайдың естеліктерінің тарихи, көркемдік және стильдік ерекшеліктері мен маңызы талданады.

Мақалада автор көркем мемуар мен естелікті жанрлық тұрғыдан жіктей қарастыруды ұсынады.

**Тірек сөздер:** мемуар, проза, естелік, күнделік, көркем әдебиет, жанр, әдебиеттану, эмигрант, естелік-жазба.

Бүгінде мемуар жанрын әдебиет теориясы ғана емес, әдебиет тарихы, лингвистика мен әлеуметтану, психология мен тарих ғылымдары да зерттеу нысанына айналдырып келеді. Оның себебі де жоқ емес. Қоғам мен жеке тұлғаның арасындағы байланысқа мейлінше назар аудару қазіргі гуманитарлық ғылымның оң нәтижелі жетістіктерінің бірі. Өйткені қашанда қоғам мен жеке тұлғаның арасындағы байланысты, адамдардың өзі өмір сүрген қоғамға деген көзқарастары мен ой-пікірлерін, тіптен сезім-күйлерін зерделеу арқылы ғана сол қоғамға баға беруімізге болады. Ал бұндай жайлардың анық көрінетін тұсы сол қоғамда өмір сүрген адамдардың күнделіктері мен естеліктері, жазысқан хаттары, сонымен бірге мемуарлық шығармалар.

Әдебиеттану ғылымында мемуардың жанрлық ерекшелігіне байланысты түрлі көзқарас-пікірлер болуы да осы жанр табиғатының күрделілігі мен көпқырлылығына байланысты. Орыс әдебиеттану ғылымында мемуарлық шығармалардың зерттелуі біршама жолға қойылғандығына қарамастан, кейбір ғалымдар мемуардың жанрлық табиғаты әлі де толымды зерттеуді қажет ететіндігін айтады. Мәселен, орыс ғалымы Н.Лейдерман: «Мемуарлық прозаның басты ерекшелігі оның синтездік қасиетінде. Ал соңғы кезде ғалымдар мемуарлық баяндауды аралық жанрға жатқызып жүр»[1, 32], - десе, Т.М.Колядич: «Мемуардың бойындағы лирикалық повестің элементтері, ғұмырнамалық баяндау, әдеби портрет сияқты басқа да қасиеттері оның құрылымы жағынан күрделі жанр екендігін көрсетеді»[2, 8],-дейді. Ал Н.Н.Кознова: «Мемуарлық жанр арнайы әдеби дайындықты қажет етпейді, естелікті кәсіби әдебиетшілермен қатар белгілі бір тарихи оқиғаның куәсі немесе қатысушы болған қатардағы адамдар да жаза береді» [3, 3], - деген пікір білдіреді.

Жалпы мемуар жанры туралы пікір мемуарлық көркем проза мен қарапайым естелік жазбалардың аражігін ажыратудан басталуы қажет деп ойлаймыз. Жоғарыдағы ғалымдар пікірлері де бізді осы ойға жетелейді. Мәселен, Н.Лейдерман мемуардың табиғатына көпқырлылықтың тән екендігін, соның ішінде «мемуарлық баяндаудың» басымдығын тілге тиек етеді. Автордың «мемуарлық баяндау» деп отырғаны естелік екені даусыз. Ал Т.М.Колядич көркем мемуарға яғни, мемуарлық прозаға байланысты ойын «ғұмырнамалық баяндаумен» яғни, автобиографиямен байланыстыра отырып, аталған жанрды күрделі жанрға жатқызады. Н.Н.Кознова пікірі тіптен бөлек. Ғалымның «әдеби дайындықты қажет етпейді» деген пікірі естелікке, яғни ғұмырнамалық баяндау байланысты айтылған ой екені түсінікті. Өйткені көркем мемуар тарихи деректер мен автордың өмір жолына, көрген-білгеніне, қоғамға деген көзқарас-пікіріне сүйеніп жазылады дегенімізбен оған көркемдік тән. Сондықтан мемуарлық туынды жазу барысында жазушы өмір сүрген қоғамдағы шынайылықты суреттеу, сол кезеңнің тарихи-саяси, әлеуметтік болмысын ашу, тұлға образын жасауда әдеби-көркемдеуші құралдар мен әдіс-тәсілдерді пайдалануы заңды.

Осы ретте «Мемуар» ұғымына «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы мен «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде берілген анықтамалар теориялық негіздеу жағынан бір-біріне соншалықты жақын. «Мемуар» (франц. *Mémoires* – еске алу) – авторлардың өздері қатысқан немесе куә болған тарихи оқиғалар, қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмірлері туралы көркем естеліктер. Мемуар шығармалардың түрлеріне, сондай-ақ күнделіктер, өмірбаяндық жазбалар да жатады. Мемуарлық шығармада жеке адамның, тарихи тұлғаның тағдырын халық өмірімен тығыз байланыста алып, оның азаматтық өнегелі қалыптасу жолын қоғам дамуындағы іргелі, ұлы өзгерістермен сабақтастыра, нақтылы әрі көркем баяндайды» [4, 473],- деген анықтама берілсе, «Мемуар, естелік (фран. *Mémoires* – еске алу), автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жол жазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған оқиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар оқиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген оқиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күйі әуенімен суреттейді» деген тұжырым жасалынған[5, 226].

Екі ғылыми тұжырымда да байқайтынымыз көркем мемуар мен естеліктің аражігінің толық ажыратылмағандығы. Біріншісінде мемуарлық шығарма «көркем естелік» ретінде тұжырымдалса, екіншісінде «естелік, өмірбаян, күнделік» әдеби тәсіл ретінде көрсетіледі. Мемуардың жанрлық ерекшелігі айқындалғанымен, «естелік» жанрлық жағынан ашылмай қалады.

Профессор Б.Кенжебаевтың: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды. Мемуардың авторы өзінің өткен тамаша, терең мағыналы, ұлы оқиғалы өмірін, оның тарихы кезеңдерін қорыта келіп, бұрынғыны әңгімелей отырып, болашаққа ой тастайды» [6, 259],- деуі көркем мемуарға қатысты пікір. Өйткені арман, мақсат қиялдың көрінісі. Егер қазақ әдебиетін мысалға келтірер болсақ, ол С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Көз көргені», Б.Момышұлының «Ұшқан ұясы» сынды санаулы шығармалар ғана кіретін. Бұл қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ө.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі», М.Мағауиннің «Мен» мемуарларымен толықты.

Мысалы: «У коменданта рабфака в этот же день мы раздобыли тяжелую железную кровать и втащили ее в наше новое жилье. Кровать была без естки. На металлические перекладки мы положили фанерный лист, а фанеру зестелили тонким одеялом. Вторым таким одеялом мы укрывались. Спали мы в обнимку, ворочалась. Иногда фанера прогибалась, трещала, и вдруг мы оказывались на полу. Сонные, мы снова перестилали кровать, мостились и засыпали.

Живи в одной квартире с Сакеном, мы близко узнали его характер и привычки.

Он отличался не только привлекательностью лица и статностью, но и хорошим здоровьем, о котором очень заботился и избегал всяческих вредных привычек» [7, 8].

Үзіндіден С.Мұқановтың суреткерлік қолтаңбасы бірден көрінеді. Көркем тіл, жазушылық стиль, образ сомдаудағы көркем қиял, оқиғаны суреттеу кезіндегі тартыс. Барлығы да көркем шығармаға тән қасиеттер. Әрине, романдағы кейіпкерлер өмірде болған тарихи тұлғалар екендігінде дау жоқ. Сол сияқты оқиға суреттеліп отырған кезең, өтіп жатқан орынның да деректілігіне күман келтіре алмаймыз. Бірақ қалай болғанда да туындыда естелік жазбадан гөрі көркем шығармаға тән қасиеттер басым. Жоғарыда аталған басқа жазушылардың шығармаларына қатысты да осы ойымызды айтар едік.

Аталған туындылар қазақ әдебиеттануында таза көркем туынды ретінде қарастырылып келгендіктен, олардың мемуарлық романның табиғатына тән өзіндік белгілері ескеленіп көрсетіле қойған жоқ. Сондықтан да ол шығармалар нағыз көркем романдармен бір контексте талданып, көркем шығарма ретінде баға беріліп келді.

Ал орыс әдебиеттанушысы Н.Н.Кознованың мемуарлық жанрға байланысты пікірі мен Қ.Байтанасованың: «Деректі шығармада оқырман нақты, тарихи жағынан айғақты өмірбаян іздейді. Яғни, өмірбаяндық шығарма басқа жанрларда болмайтын адам мен уақыттың жанды байланысын дәл жеткізеді. Көркем туындыларға қарағанда бұл жанрдың ерекшелігі адамдардың типтік бейнесін жасамайды. Ол дербес, қайталанбайтын жеке тұлғаны көрсетеді. Осыған сәйкес бұл жанр адамның тарихи жасаған уақытына емес, жеке-дара болмысының қалыптасуына көбірек назар аударады» [8, 175] деген ойлары естеліктің табиғатын аша түседі. Естелікті тек жазушы ғана емес, кез келген адамның жазатындығын, оған ешқандай әдеби даярлықтың қажет емес екендігін көрсетеді.

«Патша тақтан құлаған күні Әлихан Бөкейхановтың мен Минскіге шақырғаны туралы телеграмма алдым. Телеграммада россиялық Земство бірлігі тарапынан майданға жіберілген түркістандық жұмысшылардың атынан сөйлеп жүрген Әлиханның біздің мүдделеріміз үшін Түркістанға баратыны, менің оның орнына сайланғаным жазылыпты. Алайда, майдан мен Петербург арасындағы байланыстың үзілуі себепті мен астанадан шыға алмадым.

Мұнда қамалып отырсақ та бірдеңе жасау керекті, жаңа үкімет жаңа саяси бағытты белгілей отырып, Түркістанды басқару жөнінде де бір жаңа заң-тәртіп әзірленіп жатқан, күн сайын үкімет адамдары мен, төңкеріс көсемдерімен жеке-жеке жүздесу керек еді [9, 14]. Бұл түркі халықтарына ортақ тұлға, алаш көсемі М.Шоқай естелігінен үзінді.

Көріп отырғанымыздай ешқандай көркемдік, суреткерлік қиял жоқ. Керісінше, публицистикалық стиль басым, тіптен күнделікті ауызекі сөздің қолданысы да кездеседі. Бірақ, тарих, ғылым үшін құнды мәліметтер бар.

Кейбір орыс ғалымдарының мемуарды көркем проза және көркем емес (не художественная) әдебиет деп бөлуі мемуардың жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып айтылған орынды ғылыми пайым. Мәселен, эмигрант прозасы туралы орыс ғалымы Г.П.Струве: «Едва ли не самым ценным вкладом зарубежных писателей в общую сокровищницу русской литературы стали разные формы нехудожественной литературы» [10, 248], - деп пікір білдіреді. Бұл пікірден зерттеушілердің мемуарды екі тұрғыдан бөліп қарастырғанын аңғарамыз, яғни «көркем», «көркем емес» (не художественная).

Мемуарлардың өз табиғатында екі этимологиялық негізі бар: француздың *memoirs* сөзінен – естеліктер және латынның *memoria* сөзінен – жады. Екеуі де мемуаршы-авторлардың жеке тәжірибесінің, «олардың өзіндік даралығы мен жазу уақытының қоғамдық-саяси көзқарастарына сәйкес пайымдауларының ерекше маңыздылығын көрсетеді» [11, 432]. Белгілі әдебиет тарихшысы А.Г.Тартаковскийдің пікірінше, «мемуаристика (осы сөздің кең мағынасында) тарихи жадының затқа айналу мәні, ұрпақтардың рухани сабақтастық құралдарының бірі және қоғамның өркениеттілік деңгейінің, оның өзінің өткеніне, содан келіп, өзінің жалпы болмысына саналы қатынасы көрсеткіштерінің бірі» [12, 3]. Ерекше көңіл бөлуді қажет ететін пікір екендігінде дау жоқ. Өйткені естелік шынында ұрпақ сабақтастығымен тығыз байланысты. Аға ұрпақ өкілдерінің келер буынға айтар ойы, өзі өмір сүрген қоғам, орта, тарихи тұлғалар туралы көзқарас-пікірі естелік арқылы жетеді. Ендеше, естелік алдына көркемдік сипаттан гөрі таза деректілікті, тарихи шынайылықты жеткізуді мақсат етеді.

Сөз өнерінің көркемдік заңдары бойынша жасалған жазушылардың мемуарлары мемуарлық әдебиеттің жалпы легінен айқын бөлініп тұрады әрі бөлек зер салуға лайық. Жазушылық мемуаристиканы зерттеудің басы Л.Я.Гинзбургтің еңбектерінде, атап айтқанда, «О психологической прозе» (1977) кітабында салынды деп ойлаймыз, онда автор өзіне классикалық жанр тәжірибесін сіңірген мемуарлардағы «жады» мен «қиял», «көздер мен дәстүрлердің» сөзсіз синтезі туралы тұжырымға келеді, бұл, дегенмен де, оларды «ережелер шегінен тыс» тұрған «каноникалық әдебиет емес» деп тануға кедергі етпейді [13, 143]. Зерттеуші документальды әдебиет (оның ішінде мемуарлық та) егер сөз оқиғалар мен құбылыстарды жәй тіркеу туралы емес, мінез-құлықтар жасау туралы болса, көркем прозаға жуықтайтынына сенімді.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында да таза мемуарлық шығармалар мен мемуарға жақын болып келетін естелік туындылардың жанрлық ерекшеліктерін айқындау, мазмұндық, идеялық-көркемдік тұрғыдан ара жігін ажыратуға байланысты зерттеулер жоқ емес.

Естелік, очерк, күнделік, ой-толғаныстар, хат және эпистолярлық ақпараттық-деректі реңде жазылған шығармалар, сондай-ақ мемуарлық прозаның үлгілері қазақ әдебиетіндегі үлкен бір сала. Олардың қай-қайсысын да ортақтастырып тұрған идеялық-көркемдік желі – барлығының да өмір фактісіне, нақты дерекке негізделіп жазылуы.

Орыс жазушы-эмигранттарының мемуарлық шығармаларын зерттеуші ғалым Н.Н.Кознованың: «Автобиографический очерк - одна из мемуарных жанровых форм, воплощающая воспоминания пишущего о пройденных им самим жизненных этапах. Основой автобиографического повествования являются события из личной жизни автора, особенно ценные для него самого, но с течением времени приобретающие документально-историческую значимость как отражение ушедшей в прошлое, историко-культурной эпохи» [3, 284], - деген ғылыми пікірі де біздің пайымдауымызға жақын. Сондықтан да ғалымдар бұл мәселені әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе ретінде қарастырып келеді.

Қазақ әдебиетіндегі алғашқы мемуарлық шығармалардың бірі С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» туындысының жанрлық ерекшелігіне байланысты айтылған пікірлер осыны көрсетеді. Ең бастысы, жанр табиғатының сипатын анықтауға байланысты мұндай пікірлер аталған туынды жарыққа шыққан уақыттан бері зерттеу нысанында келеді. Мәселен, қазақ әдебиетін жасаудағы ізбасары С.Мұқанов «Түр жағынан бұл мемуарлық (естелік) шығармалардың тобына қосылады [14, 404], - деп санаса, Ғ.Мүсірепов С.Сейфуллиннің бұл шығармасын көркем-әдебиет пен публицистикаға қатар жатқызады: «Бұл осы күнге дейін маңызын жоғалтпаған, келешекте де үлкен орны бар еңбек. Рас, бұл бір жағы көркем әдебиетке, бір жағынан публицистикаға жатады. Рас, бұл басынан аяғына дейін сұрыпталып шыққан біріккен де нәрсе емес. Әйткенмен, бұл Қазақстан топырағында, Одақ пролетариаты етегінде жүріп Октябрь төңкерісін орнатуға Қазақстан еңбекшілерінің қалай күрескендігін толық көрсете алатын еңбек... Әрине, бұл еңбектің мазмұнында да, көркемділігінде де сыналатын нәрселер бар. Әйткенмен, Октябрьдің Қазақстан жеріндегі сипатын бұл кітаптан толық көретінімізге оның өте қомақты, ірі еңбек екеніне ешкім таласа алмайды», - деген пікір білдіреді [15, 66]. Ал профессор Б.Кенжебаев: «Тар жол, тайғақ кешу» роман да емес, мемуар да емес, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. «Тар жол, тайғақ кешу» - көркем очерктер циклі» - деп тұжырым жасайды [16, 56]. Е.Ысмайылов: «Бұл шығарманы өзі қатынасып, революционердің образын суреттеген үлкен эпопея деуге де, көркем естелік (мемуарлық шығарма) деуге де, тарихи публицистикалық еңбек деуге де болады» - деген ой айтады [17, 56]. М.Қаратаев: «Ендеше, кітапта очерктің болуы оның «мемуарлық роман» болуында тағы айтатын нәрсе «Тар жол, тайғақ кешудің» «мемуарлық роман» болуы оның сонымен бірге «тарихи-документтік» роман болуына да қайшы емес, өйткені бұл екі арада да өте алмас шекара жоқ. Екеуінің негізі бір: шын болған оқиғалар, адамдар, фактілер. Екеуінде де қиялы, ойдан шығарушылық, көркемдеу мақсатында қызмет атқарады [18, 185].

Жоғарыдағы пікірлерден байқайтынымыз көркем мемуар мен естелік жазбалардың аражігі әлі де ажыратылмай келе жатқандығы. Тек синтез жанр ретінде қарастырады. Ал талдау, зерделеу көркем мемуар мен естеліктің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп отыр. Мәселен, С.Мұқанов, С.Сейфуллин туындыларын көркем мемуарға жатқызар болсақ, М.Шоқай естелігі қарапайым естелік жазбаның үлгісі. Ендеше қазақ әдебиеттану ғылымы да жалпы мемуарды осы екі бағытта қарастырғанда әр жанрдың өзіндік табиғаты, ерекшелігі ашылады деп ойлаймыз.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Лейдерман Л. Движение и времени и законы жанра: Жанровые закономерности развития советской прозы 60-70-е годы. Свердловск. 1982.
- [2] Колядич Т.М. Воспоминания писателей: проблемы поэтики жанра. Монография. – М., 1998.
- [3] Кознова Н.Н. Мемуары русских писателей-эмигрантов первой волны: концепций историй и типология форм повествования. Автореферат доктора фил. наук. Москва. 2011.
- [4] Қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999.-750 б.
- [5] Әдебиеттану. – Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.
- [6] Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958 ж. 308 б.
- [7] Муканов С. «Школа жизни», роман, книга третья. Годы возмужания. Советский писатель. М., 1971
- [8] Байтанасова Қ. Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық. Астана. 2013. Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университеті оқу-өндірістік типографиясы. 351 бет.
- [9] Такенов Ә., Қойгелдиев М. Мұстафа Шоқай-Мария Шоқай: Естеліктер. Turk dunyasi arastirmalari vakfi, Istanbul, 1997. 271 б.
- [10] Струве Г.П. Русская литература в изгнании: 3-изд., испр. и доп. Краткий биографич. словарь русского зарубежья / Вильданова Р.И., Кудрявцев В.Б., Лапко-Данилевский К.Ю. – Париж, Москва.: Русский путь, 1996 – С.248
- [11] Курносоев А.А. Мемуары // БСЭ. – М., Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 2011. С. 432.

- [12] Тартаковский А.Г. Русская мемуаристика XVIII- первой половины XIX вв. От рукописи к книге. – М., Наука, 1991. – С 3.
- [13] Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Л. Художеств. лит., 1997. – С. 143.
- [14] Мұқанов С. Өмір мектебі. Өсу жолдарымыз. – Алматы: Жазушы, 1966. – 504 б.
- [15] Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1961. – 120 б.
- [16] Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. – Алматы: Жазушы, 1966. – 262 б.
- [17] Ысмайылов Е. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Жазушы, 1961. -120 б.
- [18] Қаратаев М. Үш томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974. – Т.2. – 392 б.

**А.Б. Жолмаханова**

Phd докторант Кызылординского государственного университета им. КORKYT Ата, Казахстан

## **ЖАНРОВОЕ МНОГООБРАЗИЕ МЕМУАРОВ**

**Аннотация:** В данной статье рассматривается проблема жанрового многообразия мемуаров.

Автор статьи, опираясь на точки зрения российских и казахстанских ученых-литературоведов, делает свой вывод относительно рассматриваемого в статье вопроса. В статье выявляются отличительные особенности художественных мемуаров и воспоминаний на основе конкретных примеров.

Художественные мемуары и биографические очерки анализируются с точки зрения их литературных и публицистических признаков.

Примеры взяты из произведений видных представителей казахской литературы и воспоминаний эмигрантов. Одно из первых произведений мемуарного жанра в казахской литературе относятся произведения С.Сейфуллина, С. Муканова, Г.Мустафина и воспоминания видного общественного деятеля, представителя движения Алаш М. Шокая. Автор статьи рассматривает исторические, художественные, стилевые и жанровые особенности и значение произведений названных авторов.

В статье предлагается дифференцировать художественные мемуары и воспоминания с точки зрения их жанрового своеобразия.

**Ключевые слова:** мемуары, проза, воспоминания, дневник, художественная литература, жанр, литературоведение, эмигрант, записки-воспоминания, эмигрантская литература.